

Атырау облысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақыларды бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 23 шілдедегі N 112-IV шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 27 тамызда N 2532 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 318-IV шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2010.03.31 N 318-IV шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209 Кодексінің 491-бабының 2 тармағына сәйкес, IV шақырылған облыстық мәслихат VII сессиясында **шешім етеді:**

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Атырау облысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының белдеулерінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін салық төлемақылары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (М.Шырдабаев) жүктелсін.

3. Осы шешім Атырау облысы бойынша Әділет департаментінен тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

VII сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Облыстық мәслихаттың

А. Ғабдуллин

Ж. Дүйсенғалиев

Облыстық мәслихаттың

V I I с е с с и я с ы н ы ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 3

ш і л д е д е г і

N 112-IV шешіміне 1 қосымша

№	Салық салу объектісі	Төлемақы
1.	Сыртқы (көрнекі) жарнамалар	

1	1 шаршы метр	0,7 АЕК
2	1 ден 50 шаршы метрге дейін	1 шаршы метрге сәйкес өсуі
3	50 ден 100 шаршы метрге дейін	20 АЕК
4	100 ден 200 шаршы метрге дейін	25 АЕК
5	200 шаршы метрден жоғары	30 АЕК
2. Шатырлар, қалқалар, қолшатырлар, жалаулар, штандарттар		
6	5 шаршы метрге дейін	1 АЕК
7	5-тен 10 шаршы метрге дейін	2 АЕК
8	10 шаршы метрден жоғары	5 АЕК
3. Уақытша киоскілер мен павильондар		
9	5 шаршы метрге дейін	4 АЕК
10	5-тен 10 шаршы метрге дейін	5 АЕК
11	10 шаршы метрден жоғары	15 АЕК
4. Көлік құралының сырты		
12	Автобустар, жүк машиналары (жүк көтерімділігі 1,5 т жоғары)	15 АЕК
13	Шағын автобустар (газельдер), таксилер, жеңіл машиналар (жүк көтерімділігі 1,5 т дейінгі)	5 АЕК
5. Автокөлікке орналасқан жарнама қондырғылары (лайтбокстар, қалқандар және тағы басқалары)		
14	1 шаршы метрге дейін	2 АЕК
15	1-ден 50 шаршы метрге дейін	1 шаршы метрге сәйкес өсуі
16	50 шаршы метрден жоғары	100 АЕК
17	Шығарылып қойылатын жарнама қондырғылары (штендерлер)	7 АЕК